

## "Халықаралық коммерциялық төрелік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 374 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықаралық коммерциялық төрелік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

міндеттін атқарушы

Жоба

## Қазақстан Республикасының Заңы

### Халықаралық коммерциялық төрелік туралы

Осы Заң халықаралық коммерциялық төреліктің Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметінің ұйымдастыру-құқықтық мәселелерін, сондай-ақ халықаралық коммерциялық төрелік органдарының шешімдерін Қазақстанда тану және орындау тәртібі мен шарттарын реттейді.

#### 1-тaraу. Жалпы ережелер

##### 1-бап. Қолданылу аясы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, заңды және жеке тұлғалар арасындағы азаматтық-құқықтық шарттардан туындаған халықаралық коммерциялық төрелік органдар шешетін дауларға қатысты қолданылады.

##### 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі анықтамалар

Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) төрелік - нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған немесе тұрақты негізде жұмыс істейтін халықаралық коммерциялық төрелік;

2) төреші - төрелікте дауды шешу үшін осы Заңның нормаларына сәйкес тараптар сайлаған немесе тараптармен келісілген тәртіппен тағайындалған жеке тұлға;

3) төрелік іс қарау - төрелік шешім шығара отырып төрелікте дауды қарау процесі;

4) төрелік келісім - шартта төрелік ескертпе түрінде немесе хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, телетайпограммалар, факстар, электронды құжаттар немесе

субъектілер мен олардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу арқылы жасалуы мүмкін, тәрелік қарауына туындаған немесе туындауы мүмкін дауды беру туралы шартқа тараптардың жазбаша келісімі;

5) тәрелік шешім - тәрелік немесе нақты дауды қарау үшін тағайындалған тәреші шығарған, сондай-ақ тұрақты жұмыс істейтін тәрелік шығарған шешім;

6) құзыретті сот - Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес бірінші саты бойынша тараптар арасындағы тиісті шарттың дауы туралы істі қарауға уәкілетті Қазақстан Республикасы сот жүйесінің соты;

7) іскерлік айналымның әдет-ғұрпы - олар қандай да бір құжатта тіркелгеніне қарамастан қолданылатын құқыққа қарама-қайши келмейтін, азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережесі;

8) тәреліктің регламенті - тәрелік қызметінің рәсімдік және ұйымдастырушылық мәселелерін реттейтін, тұрақты жұмыс істейтін тәрелікпен бекітілетін ережелерді қамтитын тұрақты жұмыс істейтін тәрелік регламенті;

9) коммерциялық кәсіпорын - Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе қызметінің негізгі мақсаты пайда табу болып табылатын шетел ұйымы;

10) Қазақстан Республикасының жариялышы тәртібі - Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген мемлекеттік және қоғамдық құрылғының негіздері.

### **3-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық коммерциялық тәрелік туралы заңы**

1. Қазақстан Республикасының халықаралық коммерциялық тәрелік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттың нормасы қолданылады.

### **4-бап. Тәрелік іс қарау принциптері**

Тәрелік іс қарау мына принциптерді сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) тараптар өзара алдын-ала келісім бойынша туындаған даулар бойынша тәрелік іс қарауды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары мәселелерін дербес шешуге құқығы барын білдіретін тараптар еркінің дербестігі;

2) тәрешілер мен тәреліктер өз шешімдерінде тек тараптардың келісімі бойынша қолданылатын құқық нормаларын ғана басшылыққа алғатынын, Қазақстан Республикасы Конституациясының нормаларына, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қайши болмау бөлігін білдіретін заңдылық;

3) тараптардың тәрелік іс қарауда бірдей құқық көлемін пайдаланатынын және бірдей міндеттер көлемін көтеретінін, өзінің ұстанымын, дербес қорғау әдістері мен құралдарын және тәрелікten, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз таңдауын

білдіретін тараптардың жарыспалылығы және құқық тенденциясы;

4) төрешілер мен төреліктер өздеріне берілген дауларды шешу кезінде және төрелік іс қарау тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның имандылық принциптерін және іскерлік әдеп ережелерін сақтай отырып, адал әрекет етуге тиіс екенін білдіретін әділеттілік;

5) занда азаматтың тиісті органға ақпаратты хабарлау міндеттілігі тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, төрешілердің төрелік іс қарау барысында белгілі болған мәліметтерді тараптардың немесе олардың құқықтық мирасқорларының келісімінсіз жария етуге құқығы жоқтығын және қуә ретінде төрелік іс қарау барысында оларға белгілі болған мәліметтер туралы жауап ала алмайтындығын білдіретін құпиялыштық.

### **5-бап. Төрелік қызметіне араласуға жол бермеу**

Төрешілер мен төреліктер өздеріне берілген дауларды шешу кезінде тәуелсіз, құзыретті соттан басқа оларға мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қандай да бір ықпалы болмайтын шарттарда, заң актілерінде көзделген жағдайларда шешім қабылдайды.

### **6-бап. Дауды төреліктің шешуіне беру**

1. Дау төреліктің қарауына тараптар арасында жасалған төрелік келісім болғанда берілуі мүмкін.

2. Төрелік келісімді тараптар арасында қандай да бір нақты азаматтық құқық қатынастарына байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты тараптар жасауды мүмкін.

3. Құзыретті сот қарауындағы дауға қатысты төрелік келісім көрсетілген сот дау бойынша шешім қабылдағанға дейін жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда құзыретті сот іс бойынша іс жүргізуі тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

4. Төрелікке тараптардың келісімі бойынша, егер тараптардың бірі Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, жеке тұлғалар, коммерциялық кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың арасындағы азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын даулар берілуі мүмкін.

## **2-тaraу. Төреліктің құрамы**

### **7-бап. Төрешілер**

1. Төреші болып істің нәтижесіне тікелей немесе жанама мүдделі емес, тараптардан тәуелсіз болып табылатын және төрешінің міндеттерін орындауға келісімін берген, жиырма бес жасқа толған және жоғарғы білімі бар жеке тұлға сайланады (тағайындалады).

2. Дауды жеке-дара шешетін төрешінің жоғары заңгерлік білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болуы тиіс. Дауды алқалы түрде шешу жағдайында төрелік төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс.

3. Төрешілерге үміткерлерге қойылатын талаптар тараптармен тікелей келісілуі және төрелік іс қарau ережелерімен айқындалуы тиіс.

#### 4. М ы н а т ө м е н д е г і :

1) зандарда белгіленген тәртіппен құзыретті соттың судьясы болып сайланған немесе тағайындалған;

2) занда белгіленген тәртіппен сот қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп таныған;

3) алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар не қылмыс жасауда айып тағылған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылатын адам төреші бола алмайды.

#### 8-бап. Дауды қарau кезіндегі төрешілердің саны

1. Тараптар саны тақ болуы тиіс төрешілер санын белгілеуге құқылы.

2. Егер тараптар бұл туралы уағдаласпаса, онда төрелікті дауды шешу үшін үш төреші сайланады (тағайындалады).

#### 9-бап. Төреліктің құрамы

1. Төрелік құрамын құру төрелерді (төрені) сайлау (тағайындау) жолымен жүргізіледі.

2. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікті төреліктің құрамын құру тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Нақты дауды шешу үшін төрелікті төреліктің құрамын құру тараптармен келісілген тәртіpte жүргізіледі.

4. Тараптардың келісімі бойынша төреші болып Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік не азаматтығы жоқ адам сайлануы мүмкін.

5. Егер тараптар бұл туралы уағдаласпаса, онда нақты дауды шешу үшін төрелік құрамын құру мынадай тәртіpte жүргізіледі:

1) үш төрешіден тұратын төрелік құрамын құру кезінде әр тарап төрешінің біреуін сайлайды, ал осында жолмен сайланған екі төреші үшінші төрешіні сайлайды.

Егер тараптардың біреуі басқа тараптан бұл туралы өтінішті алғаннан кейін 60 күн ішінде төрешіні сайламаса, немесе екі сайланған төреші өздері сайланғаннан кейін 60 күн ішінде үшінші төрешіні сайламаса, онда төрелікті дауды қарau тоқтатылады және бұл дау құзыретті соттың шешуіне жіберіледі;

2) егер дау төрешінің жеке-дара шешуіне жатса және бір тарап басқа тарапқа төрешіні сайлау туралы ұсыныспен жүгінгеннен кейін тараптар 60 күн ішінде төрешіні сайламаса онда төрелікті дауды қарau тоқтатылады және бұл дау құзыретті соттың шешуіне жіберіледі.

#### 10-бап. Төрешіден бас тарту

1. Осы Заңның 11-бабының талаптарына төреші сәйкес келмеген жағдайда тараптар төрешіден бас тарту жөнінде өтініш берे алады.

2. Қандай да бір жеке адамға оның төреші болып сайлану (тағайындалу) мүмкіндігіне байланысты жүгінген жағдайда көрсетілген адам осы Заңның 11-бабына сәйкес одан бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың болуы туралы

хабарлауы тиіс. Егер көрсетілген мән-жайлар төрелік іс қарау кезінде туындаған жағдайда, төреші бұл туралы тараптарға кешіктірмей хабарлауы және өздігінен бастартуы тиіс.

3. Тараптар өзі сайлаған төрешіге осы бапқа сәйкес, егер бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлар тарапқа осы төрешіні сайлағаннан кейін белгілі болған жағдайда бас тарта алады.

4. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікте төрешіден бас тарту рәсімі тұрақты жұмыс істейтін төрелікте регламентінде белгіленеді.

5. Нақты дауды шешу үшін төрелікте төрешіден бас тарту рәсімі тараптармен келісілуі мұмкін.

6. Егер төрешіден бас тарту рәсімі тараптармен келісілмесе немесе тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде белгіленбесе, онда төрешіден бас тарту туралы жазбаша уәжді өтінішті тараптар төрелікке немесе жеке дара төрешіге төрешіден бас тарту үшін негіз болып табылатын жағдай тарапқа белгілі болғаннан бастап 30 күн ішінде берілуі тиіс.

Егер бас тартылған төреші оны қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың бірі төрешіден бас тартуға келіспесе, онда төрешіден бас тарту туралы мәселені төреліктің құрамына кіретін төрешілер тараптардың жазбаша уәжді өтінішін алған кезден бастап он күн мерзімде шешеді.

Дауды жеке-дара қарайтын төрешіден бас тарту туралы мәселені осы төреші шешеді.

Егер дауды жеке-дара қарайтын төреші бір немесе екі тараптың бас тарту туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың бірі төрешіден бас тартуға келіспесе, онда бас тарту туралы мәселе тараптардың төрелік іс қарауды тоқтату туралы келісімді қабылдау арқылы шешіледі.

## **11-бап. Төрешінің өкілеттігін тоқтату**

1. Төрешінің өкілеттігі тараптардың келісімі бойынша осы Занда көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ төрешінің ауруына немесе қайтыс болуына байланысты оның өз міндеттерін жүзеге асыруға орнықты қабілетсіз болған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

2. Дауды жеке-дара қарайтын төреліктің немесе төрешінің өкілеттігі тоқтатылған жағдайда қараудағы дау бойынша іс жүргізу басқа төрелік немесе жеке-дара төрешіні сайлағанға (тағайындағанға) дейін тоқтатыла тұрады.

3. Төрешінің өкілеттігі нақты іс бойынша шешім қабылдағаннан кейін тоқтатылады. Осы Заңың 33-бабында көзделген жағдайларда, төрешінің өкілеттігі қалпына келтіріледі, ал содан кейін көрсетілген баптарда көзделген іс жүргізу әрекеттері аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

## **12-бап. Төрешінің ауыстырылуы**

Төреші өкілеттігін тоқтатқан жағдайда басқа төреші ауыстырылатын төрешіге қолданылған ережелерге сәйкес сайланады (тағайындалады).

Ауысу тәртібімен сайланған (тағайындалған) төреші іс бойынша қайтадан тыңдау тағайындауға құқылы.

### **3-тарау. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстар**

#### **13-бап. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстар**

1. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстар:

төрешілердің қаламақысын;

төрелік іс қарауға қатысуға байланысты төрешілер шеккен шығыстар, соның ішінде дауды қарау орнына жол жүру, жамбасақы және тамақтану төлеміне шығыстарды;

сарапшыларға және аудармашыларға төленуге тиіс сомаларды;

төрешілермен жазбаша және заттай дәлелдемелерді олар орналасқан жерде қарауға және зерттеуге байланысты шеккен шығыстарды;

куә шеккен шығыстарды;

төрелік шешім пайдасына жасалған тараптың өкілінің қызметін төлеу шығыстарын;

төрелік іс қарауды ұйымдастырушылық және материалдық қамтамасыз ету шығыстарын

қамтиды.

2. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікте төрешілердің қаламақысының мөлшері тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламентінде көзделген төрешілер қаламақысының шәкіліне сәйкес төрелік құрамымен айқындалады.

Тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламентінде төрешілердің қаламақысына белгіленген мөлшерде нұсқау жоқ болса, төрелік төрешінің қаламақысының мөлшерін іс қараудың әрбір нақты жағдайында талап қоюдың бағасын, даудың күрделілігін, төрелік іс қарауға төрешілердің кеткен уақытын және іске қатысты кез келген басқа да мән-жайларды ескере отырып белгілей алады.

3. Нақты дауды шешу үшін төрелікте төрешілердің қаламақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша, ал мұндай жоқ болса - нақты дауды шешу үшін төрелік тұрақты жұмыс істейтін төрелік үшін көзделген тәртіппен белгілейді.

#### **14-бап. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу**

1. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды тараптар арасында бөлуді тараптардың келісіміне сәйкес төрелік, ал мұндай жоқ болса қанағаттандырылған және қабылдамай тастаған талаптарға үйлесімді жүргізіледі.

2. Төрелік шешімі пайдасына жасалған тарап өкілінің қызметіне төлеуге шығыстар, сондай-ақ төрелік іс қараумен байланысты өзге де шығыстар төреліктің шешімі бойынша, егер келтірілген шығыстарды өндіру туралы талап төрелік іс қарау барысында мәлімделсе және төрелікпен қанағаттандырылса, басқа тарапқа қатысты

3. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу төреліктің шешімінде немесе ұйғарымында көрсетіледі.

#### **4-тaraу. Төреліктің құзыреті**

##### **15-бап. Төреліктің өз құзыреті туралы қаулы шығаруға құқығы**

1. Төрелік оған шешуге берілген дауды қарауға өзінің өкілеттігі (құзырлығы) болуы немесе жоқтығы туралы мәселені, соның ішінде тараптардың бірі төрелік келісімнің жарамсыздық себептері бойынша төрелік іс қарауға қарсылық білдірген жағдайда д е р б е с ш е ш е д і .

2. Тараптар оған шешуге берілген дауды қарауға төрелік соттың құқығы жоқтығы туралы даудың мәні бойынша бірінші өтінішті ол бергенге дейін мәлімдеуге құқылы.

3. Тараптар төреліктің құқығын асыра қолдану туралы, егер төрелік іс қарау барысында төрелік іс қараудың нысаны болып қаралуы төрелік келісімде көзделмеген не осы іс қарауда қолданылатын заңдардың нормаларына немесе төрелік іс қарау ережесіне сәйкес төрелік іс қарау мәні болып табылмайтын мәселе қойылса, мәлімдеуге қ ұ қ ы լ ы .

4. Төрелік осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жасалған өтінішті он күн мерзімде қарауға міндettі. Өтінішті қараудың қорытындысы бойынша ұйғарым ш ы ғ а р ы л а д ы .

5. Егер төрелік өзінің құқықтылығы туралы мәселені қарау кезінде төрелікте дауды қарауға құқығы жоқтығы туралы ұйғарым шығарса, онда төрелік дауды мәні бойынша қарай алмайды.

#### **5-тaraу. Төрелік іс қарауды жүргізу**

##### **16-бап. Төрелік іс қараудың ережесін анықтау**

1. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік өзінің регламентіне сәйкес төрелік іс қарауды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Нақты дауды шешу үшін төрелік тараптармен келісілген ережелерге сәйкес төрелік іс қарауды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде, сондай-ақ осы Заңның ережелерінде айқындалмаған және тараптармен келісілмеген төрелік іс қараудың ережелерін төрелік айқындейдьы.

##### **17-бап. Төрелік іс қараудың орны**

Тараптар өз қалаулары бойынша төрелік орны туралы келісулері мүмкін. Мұндай келісім жоқ болса төрелік орны тараптар үшін ыңғайлы факторды қоса алғандағы, істің жағдайын есепке ала отырып, төрелікпен анықталады.

## **18-бап. Талап арыз және талап арызға пікір**

1. Талапкер жазбаша нысанда төрелікке берілетін талап арызда өзінің талаптарын баяндайды. Талап арыздың көшірмесі жауапкерге беріледі.

2. Талап арызда:

1) талап арызды берген күні;

2) тараптардың атауы, олардың пошталық мекен-жайы және банктік деректемелері;

3) төрелікке жүгіну негіздемесі;

4) талапкердің талабы;

5) талапкер өзінің талаптарын негіздеген мән-жайлар;

6) талап арыз талаптарының негізін растайтын дәлелдемелер;

7) егер талап арыз бағалауға жатса, талап арыздың бағасы;

8) талап арызға қоса тіркелетін құжаттар мен өзге материалдардың тізбесі  
көрсетілуі тиіс.

Талап арызға талапкер немесе қол қоюға және талап арыз ұсынуға өкілеттігі бар оның өкілі қол қоюға тиіс. Егер талап арызға талапкердің өкілі қол қойса, талап арызға өкілдің өкілеттігін күәландыратын сенімхат немесе өзге құжат қоса берілуге тиіс.

3. Төрелік іс қараудың ережесімен талап арыз мазмұнына қосымша талаптар  
көздөлуі мүмкін.

4. Жауапкер талапкерге және төрелікке талап арызға пікірі талап арызға қарсы өзінің қарсылығын баяндап ұсынуға құқылы. Талап арызға пікір талапкерге және төрелікке төрелік іс қарау ережелерінде көзделген тәртіпте және мерзімде беріледі.

Егер төрелік іс қарау ережелерімен талап арызға пікірді ұсыну мерзімі айқындалмаса, онда көрсетілген пікір төреліктің бірінші отырысына дейін кемінде 10  
күн қалғанда ұсынлады.

5. Төрелік іс қарау барысында тараптар өзінің талап арыздың талаптарын не талап арызға қарсылығын өзгертуге не толықтыруға құқылы.

## **19-бап. Төрелік іс қараудың басталуы**

Егер тараптар өзге туралы келіспеген болса, нақты дауға қатысты төрелік іс қарау төрелікке осы дауды тапсыру туралы хабарламаны жауапкер алған күні басталады.

## **20-бап. Талап арызды қайтару**

1. Төрелік сот талап арызды, егер:

1) тараптар арасында төрелік келісім жоқ болса;

2) талап арыз төрелік келісімде көзделмеген төрелікке берілсе;

3) талап мәні төрелік келісімнің шегінен шықса;

4) талап арызға уәкілеттігі жоқ адам қол қойса;

5) талапкер талап арызды қайтарып алу туралы өтініш берсе;

6) осы немесе басқа бір төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасында, сол нысанда туралы және сол негіздер бойынша дау жөнінде іс бар болса, қайтарады.

2. Талап арызды қайтарған кезде төрелік дәлелді ұйғарым шығарады.

3. Арызды қайтару талапкердің сол жауапкерге, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді.

## **21-бап. Тіл**

1. Тараптар өз қалаулары бойынша төрелік талқылау барысында пайдаланылатын тіл немесе тілдер туралы келісулері мүмкін. Мұндай келісім болмағанда төрелік іс қарау кезінде пайдаланылуға тиіс мемлекеттік, оған қатар орыс тілін де, немесе өзге де тілдері

б е л г і л е й д і .

Төрелік іс қарау жүргіліп отырған тілді білмейтін іске қатысушы адамдардың іс материалдарымен танысу, төрелік әрекетіне аудармашы арқылы қатысу, төрелікте ана тілінде мәлімдеме жасау құқығы қамтамасыз етіледі.

2. Құжаттар мен өзге материалдарды төрелік іс қарау тілінде (тілдерінде) ұсынбаған тараптар олардың аудармасын қамтамасыз етеді, бұл ретте төрелік регламентімен, не тараптар келісімімен қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

3. Төрелік тараптардан құжаттар мен өзге материалдардың төрелік іс қарау тілінде (тілдерінде) аудармасын талап ете алады.

## **22-бап. Құжаттарды ұсынбау немесе тараптардың келмеуі**

1. Құжаттар мен өзге материалдарды ұсынбау, соның ішінде төрелік отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарландырылған тараптардың немесе олардың өкілдерінің төрелік отырысына келмеуі, егер құжаттар мен өзге материалдарды ұсынбау немесе төрелік отырысына тараптардың келмеуі олармен дәлелді емес деп танылса, төрелік іс қарау және төрелік шешім қабылдауы үшін кедергі болып та б ы л м а и д ы .

2. Жауапкердің талап арызға қарсылығын ұсынбауы талапкердің тараптарын мойындау ретінде қарастырыла алмайды.

## **23-бап. Тараптардың құқығы**

Төрелік іс қарауға қатысушы тараптардың:

1) іс материалдарымен танысуға және осы материалдардан көшірме жасауға;

2) дәлелдемелерді ұсынуға;

3) төрешілерге өтініш білдіруге, бас тартуға;

4) процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер б е р у г е ;

5) процесс барысында туындаитын барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдерін б е р у г е ;

6) басқа тараптың өтініштеріне және дәлелдеріне қарсы қарсылық білдіруге;

7) құзыретті сот алдында қолданыстағы заңдарға сәйкес төрелік шешімін мәжбүрлеп орындаату туралы өтініш білдіруге;

8) төрелік шешімге осы Занда белгіленген жағдайларда шағым беруге құқығы бар.

## **24-бап. Төрешілер тағайындаған сарашы**

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса онда төреші:

1) бір немесе бірнеше сарапшыларды төрешілермен айқындалатын нақты мәселелер бойынша оған қорытынды ұсыну үшін тағайындей алады;

2) тараптардан сарапшыға іске қатысы бар ақпараттарды не қарау үшін ұсынуды не іске қатысы бар құжаттарды, тауарларды немесе басқа да мүлікті қарауға мүмкіндік беруді талап етеді.

2. Тараптардың өзгеше келісімі болмағанда сарапшы, егер тараптар бұл туралы өтінсе немесе егер төрелік сот бұны қажет деп санаса, өзінің жазбаша немесе ауызша қорытындысын ұсынған соң тараптарға оған сұрақтар қою және даулы мәселелер бойынша айфактар беру үшін мамандар ұсыну мүмкіндігін беретін тыңдауға қатысуға тиіс.

### **25-бап. Құзыретті соттың қамтамасыз ету шараларын ұсынуда және дәлелдемелерді алуға ықпал етуі**

1. Төрелік іс қараудың тараптары құзыры сотқа талап арызды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау туралы өтінішпен жүргінуге құқылы.

2. Төрелікте қаралатын талапты қамтамасыз ету туралы өтінішті тараптар құзыретті сотқа төрелік іс-қараудың жүзеге асырылу орыны немесе қамтамасыз ету шаралары қолданылуы мүмкін мүліктің орналасқан жері бойынша беріледі.

3. Төрелік соттың төрелікте қаралатын талапты қамтамасыз ету туралы өтінішті қарауы және олардың талапты қамтамасыз ету туралы немесе оны қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады.

4. Төрелік немесе тарап төреліктің келісімімен құзыретті сотқа дәлелдемелерді алуға ықпал етуге өтініш білдіре алады. Құзыретті сот бұл өтінішті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының нормасына сәйкес қарайды.

5. Төрелік немесе тараптар төреліктің келісімімен құзыретті сотқа дәлелдемелерді алуға жәрдемдесу туралы өтініш жасай алады. Құзыретті сот бұл өтінішті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының нормаларына сәйкес қарайды.

### **6-тарау. Төрелік шешімді шығару және іс қарауды тоқтату**

#### **26-бап. Даудың мәніне қолданылатын нормалар**

1. Төрешілер дауларды тараптар дауды қарауда қолданылатын ретінде таңдаған құқықтың нормаларына сәйкес шешеді. Қандай да бір мемлекеттің құқыққа немесе құқық жүйесіне кез келген нұсқауы осы мемлекеттің оның қарама-қайшылықты нормаларына емес, материалдық құқығына тікелей сүйенетін ретінде түсіндірілуі керек

2. Тараптардың қолданылатын құқық туралы келісімі болмағанда, төрешілер

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығын қолданады.

3. Нақты құқық қатынастарын реттейтін нормалар болмағанда төрелік шешімді осы мәміледе қолданылатын іскерлік айналым әдеп-ғұрпына сәйкес қабылдайды.

### **27-бап. Төрешілер алқасының шешімі шығаруы**

Төрешілер алқасымен жүзеге асырылатын төрелік іс қарауда, егер тараптар өзгеше келіспесе төреліктің кез келген шешімі төрешілердің басым санымен шығарылуға тиіс.

### **28-бап. Бітімгершілік келісім**

1. Егер тараптар төрелік іс қарау барысында дауды реттесе, төрешілер талқылауды тоқтатады және тараптардың өтініші бойынша бұл реттеуді келісілген талаптарда төрелік шешімі ретінде белгілейді.

2. Келісілген талаптарда төрелік шешім осы Заңның 31-бабының ережелеріне сәйкес шығарылуға тиіс. Мұндай төрелік шешім де даудың мәні бойынша кез келген төрелік шешім сияқты орындалуға жатады.

### **29-бап. Төрелік шешімнің нысаны мен мазмұны**

1. Төрелік шешім жазбаша нысанда жазылады және төрешілердің құрамына төрешілер, сонымен қатар ерекше пікірі бар төрешілер қол қояды. Егер төрелік талқылау алқалы түрде жүзеге асырылған болса, онда шешімге басқа төрешілердің қолы жоқтығының дәлел себебі көрсетілген жағдайда, төреліктің құрамына кіретін төрешілердің көпшілігі қол қояды.

2. Төрелік шешімде төрелік күні және орны, төрелік шешім негізделген себептер көрсетіледі.

3. Төрелік шешім қабылданғаннан кейін әр тарапқа шешімнің бір данасы тапсырылуға не жіберілуге тиіс.

### **30-бап. Төрелік іс қарауды тоқтату**

1. Төрелік іс қарау осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша төрелік іс қараудың тоқтатылуы туралы ұйғарымның шығарылуымен тоқтатылады.

2. Төрелік мынадай жағдайларда егер:

егер жауапкер мәні бойынша дауды шешуде оның занды мұддесінің болуына байланысты төрелік іс қарауды тоқтатуға қарсы тек қана қарсылық білдірмесе, талапкер өзінің талабынан бас тартса және төрелік бас тартуды қабылдаса;

төрелік оған шешуге берілген дауларды қарауға төрелік құзыретінің болмауы туралы ұйғарым шығарса;

сол тараптар арасында, сол мәселе туралы даулар бойынша және сол негіздер бойынша құзыретті соттың немесе төреліктің занды күшіне енген шешімі болса;

тараптар төрелік іс қарауды тоқтату туралы келісімге келсе;

коммерциялық кәсіпорын таратылса, жеке тұлға қайтыс болса (қайтыс болған деп жарияланса), не төрелік іс қараудың тарабы болып табылатын жеке тұлға хабарсыз кеткен деп танылса іс қарауды тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

### **31-бап. Шешімді түзету және түсіндіру. Қосымша шешім**

1. Төрелік шешімді алған соң 60 күн ішінде, егер тараптар арқылы өзге мерзім келісілмесе:

1) тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапқа хабарлап төрелікті, шешімде жол берілген есептеулерде, жазуларда немесе жаңылыс таңбалардағы кез-келген қателерді не ұқсас сипаттағы өзге де қателерді түзетуін өтіне алады;

2) тараптардың кез келген бұл туралы екінші тарапқа хабарлап төреліктің шешімнің қандай да бір нақты тармағын немесе бөлігін түсіндіруін өтіне алады.

Төрелік егер ол өтінішті негізді деп санаса, оны алған соң 30 күн ішінде тиісінше түзету енгізуге және түсінік беруге тиіс. Бұндай түсінік төрелік шешімнің құрамдық бөлігіне айналады.

2. Төрелік төрелік шешім шыққан күнінен бастап есептегендеге 30 күн ішінде өзінің бастамасы бойынша осы баптың 1-тармағы екінші абзацында көрсетілген кез келген қатені түзете алады.

3. Егер тараптар өзгеше келіспесе, тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапқа хабарлап төрелік шешімді алған соң 60 күн ішінде төрелік іс қарau барысында мәлімделген, алайда шешімде көрініс таппаған талаптарға қатысты төрелікке қосымша шешім қабылдау туралы өтінішпен жүргіне алады. Төрелік егер ол өтінішті негізді деп санаса, оны алған соң 60 күн ішінде қосымша төрелік шешім шығаруы тиіс.

4. Төрелік қажет болған жағдайда осы баптың 1 немесе 3-тармақтарына сәйкес қателерді түзетуге, түсінік беруге немесе қосымша төрелік шешім шығаруға қажетті мерзімді, бірақ 60 күннен асырмай ұзартуы мүмкін.

## 7-тaraу. Төрелік шешімді даулау

### 32-бап. Төрелік шешімді жою туралы өтініш білдіру

1. Құзыретті сотта төреліктің шешімін даулау осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жою туралы өтініш беру арқылы ғана өткізілуі мүмкін.

2. Төрелік шешімді құзыретті сот мынадай жағдайларда ғана жоюы мүмкін, егер:

1) жою туралы өтініш білдірген тарап:

төрелік келісім тараптарының біреуін құзыретті сот қабілетсіз ден таныса немесе төрелік келісім тараптар оны қосқан заң жүзінде жарамсыз, ал осындай нұсқау жоқ болса Қазақстан Республикасының заңы бойынша жарамсыз болатынына;

ол төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік іс қарau туралы тиісті түрде хабардар етілмегендігіне немесе құзыретті сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін көрсете алмағандығына;

төрелік шешім төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тұра келмейтін, не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын дау бойынша, сондай-ақ төрелікке ведомствоның бағынысты емес даудың салдарынан шығарыла.

Егер төрелік келісіммен қамтылатын мәселелер бойынша төрелік шешім осындай келісіммен қамтымайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден ажыратылуы мүмкін болса , онда төрелік келісім қамтымайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден тұратын төрелік шешімнің сол бөлігі ғана жойылуы мүмкін;

төреліктің құрамы немесе іс қарау төрелік рәсімі тараптардың келісіміне және төреліктің регламентіне сәйкес келмесе, не осындай келісім болмағанда осы занға сәйкес келмейтініне дәлелдемелер ұсынса;

2) құзыретті сот төрелік шешім Қазақстан Республикасының жариялышық тәртібіне қайшы келетінін анықтайды .

3. Жою туралы өтініш төрелік шешімнің осы өтінішті берген тараптардың алған күнінен бастап, егер өтініш 37-бапқа сәйкес өтініш ретінде берілген жағдайда төрелік осы өтініш бойынша шешім шығарған күнінен бастап үш ай өткенше мәлім етілмейді.

4. Құзыретті сот тараптардың біреуінің өтініші бойынша, төрелік шешімді жою жөнінде өтініш бойынша іс өндірісін төрелік іс қарауды жаңғырту не төрелік шешімді жою үшін негізді жоюға мүмкіндік туғызатын өзге де шараларды қабылдау үшін белгіленген мерзімге тоқтатуға құқылы.

## **8-тaraу. Төрелік шешімдерді тану және орындау**

### **33-бап. Төрелік шешімдерді тану және орындау**

1. Төрелік шешім міндетті деп танылады және құзыретті сотқа жазбаша өтініш бергенде осы баптың және осы Заңның 36-бабының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалады.

Шет мемлекеттерде шығарылған төрелік шешім құзыретті сотпен танылады және атқарушының іс жүргізу органдарымен өзара негіздерде орындалады.

2. Төрелік шешімге сүйенетін немесе оны орындау туралы өтініш бітірген тарап төрелік шешімнің тиісті түрде расталған түпнұсқасын немесе тиісті түрде расталған соның көшірмесін, төрелік шешімнің түпнұсқасы немесе тиісті түрде расталған соның көшірмесін ұсынуы керек. Егер төрелік шешім немесе келісім шет тілінде жазылса, тараптар осы құжаттардың мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі тиісті үлгіде расталынған аудармасын ұсынады.

### **34-бап. Төрелік шешімді танудан немесе орындаудан бас тарту үшін негіздемелер**

Құзыретті сот төрелік шешімді танудан немесе орындаудан оның қандай елде шығарылғанына қарамастан мынадай негіздерде:

1) егер бұл тарап құзыретті сотқа:

төрелік келісімдегі тараптардың біреуін құзыретті сот қабілетсіз, не қабілеті шектелген деп танығанына, төрелік келісімнің тараптар оны бағындырыған заң бойынша , жарамсыздығына ;

қарсы шешім шығарылған тарап төрешиңің тағайындалуы туралы немесе төрелік іс қарау туралы тиісті жағдайда хабардар етілмегендігіне немесе құзыретті сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін көрсете алмағандығына;

төрелік шешім төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тұра келмейтін шығарылғанын, не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын дау бойынша, сондай-ақ төрелікке ведомствоның бағынысты емес                    даудың                    салдарынан                    шығарылса.

Егер төрелік келісіммен қамтылатын мәселелер бойынша төрелік шешім осындай келісіммен қамтымайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден ажыратылуы мүмкін болса , онда төрелік келісіммен қамтымайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден тұратын төрелік шешімнің сол бөлігі ғана жойылуы мүмкін;

төреліктің құрамы немесе іс қараудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмесе немесе мұндай болмағанда төрелік орын алған елдің заңына сәйкес к е л м е й т і н і н е ;

шешім тараптар үшін әлі де міндетті болмаса, немесе жойылған болса немесе оның іске асуы ол шығарылған елдің сотымен заңына сәйкес тоқталғандығына сотқа дәлелдеме                    ұсынса ;

2) егер құзыретті сот осы төрелік шешімді тану мен орындау Қазақстан Республикасының жариялышың тәртібіне қайшы келеді деп анықтаса бас тартады.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК